

**"Белоглин селолқ округінің елді мекендерінің құрама бөлімдер атауларын беру туралы"
2009 жылғы 26 қаңтардағы № 2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Белоглин ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 23 мамырдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 маусымда № 4870 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Белоглин ауылдық округінің әкімі

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. "Белоглин селолық округінің елді мекендерінің құрама бөлімдер атауларын беру туралы" Белоглин ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-12-98 тіркелген, 2009 жылғы 20 ақпанда "Айна" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Г. Урбанович